ANTIKOR

## ҚАЗЫБЕК БИ МҰРАСЫНДАҒЫ ПАРАСАТТЫЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ

Әділдік, парасаттылық қағидаттары және дала данышпаны, Қазақ хандығының көрнекті саяси қайраткері Қазыбек бидің дана сөздері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің кезекті «Адалдық сағатына» арқау болды.

Қаз дауысты Қазыбек би – қазақ халқының XVII – XVIII ғасырлардағы ұлы үш биінің бірі, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Қазақстан тарихында өзіндік орны бар тұлға.

Қазыбек бидің өмірі жанкешті істер мен батыл шешімдерге толы болды.

Ол реформатор, шешен, дипломат-бітімгер.

***Парақорлық пен әділетсіздікті – қазақтың түбіне жететін ауыр дерт. Оны тек таза ниет пен адал істермен жеңуге болады***, деді ол.

Қазыбек би үшін адамгершілік, ең жоғарғы адами құндылық ретінде бірінші орында тұрды. Мысалы ***«Өркенім өссін десең, кекшіл болма – кесапаты тиер еліңе. Елім өссін десең, өршіл болма – өскеніңді өшірерсің», «Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос»*** деп айтып, әр қабылданар шешім мен істің тек бір адамның ғана емес, тұтастай елдің тағдырына әсер ететінін жеткізген.

Қазыбек би бір оқ атпай, артық қантөгіссіз ең күрделі мәселелерді шеше алған.

Ең мықты хандар мен қасарысқан жаулар да оның сөзіне құлақ асқан, өйткені Қазыбек би оларды сөзі мен даналығымен таң қалдырған. Оларды жүректеріне жеткізіп айта білген.

Ол сондай-ақ бытыраңқы қазақ руларын біріктіріп, бейбітшілік пен келісімге шақырды. Өзінен кейін халқы өмір сүрген әділ заңдар қалдырды.

Тапқырлық, шешендік, шыншылдық – адалдық сабағында қозғалған Қазыбек бидің үш қасиеті.

***Бейне-дәріске сілтеме:***
***https://youtu.be/12hIl-zFnd4***

ANTIKOR

# ПРИНЦИПЫ ДОБРОПОРЯДОЧНОСТИ В НАСЛЕДИИ КАЗЫБЕК БИ

Принципы справедливости, рассудительности и мудрые слова степного гения, выдающегося политического деятеля Казахского ханства Казыбек би представлены в очередном «Часе добропорядочности» Агентства по противодействию коррупции.

Казыбек би – один из трех великих биев казахского народа XVII-XVIII веков, выдающийся общественный и государственный деятель, ключевая фигура в истории Казахстана.

Жизнь Казыбек би была полна самоотверженных дел и смелых решений.

Он же реформатор, оратор, дипломат-миротворец.

***Мзда и несправедливость – серьезная болезнь, которая доходит до каждого казаха. Победить его можно только чистыми помыслами и благородными делами,*** считал он.

Для Казыбек би вопрос морали, как наивысшая человеческая ценность стоял на первом месте. К примеру, ***«Не будь мстительным – страна пострадает. Не будь амбициозным, ты прекратишь свой рост»***, ***«Гнев – враг, ум – друг, прибавь мудрости своему уму»***, – сказал он, подчеркнув, что каждое принятое решение имеет влияние на дальнейшую судьбу не только одного человека и целой страны.

Казыбек би без единого выстрела и лишнего кровопролития мог разрешить самые сложные проблемы.

К нему прислушивались самые могущественные ханы и заклятые враги, потому что он поражал их словом и мудростью. Поражал их в самое сердце.

Он также объединил разрозненные казахские роды, призывал к миру и согласию. После себя он оставил справедливые законы, по которым жил его народ.

Находчивость, красноречие, правдолюбие – это три качества Казыбек би, которые были затронуты в уроке добропорядочности.

***Ссылка на видео-урок:***
***https://youtu.be/NLPFFB41dJk***